

**«6D021200-Түркітану» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Бисенғали Ақмарал Зинол-Ғабденқызының «Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың лингво-когнитивтік даму жүйесі (газет лексикасы(1995-2015жж.) негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы «Мәдени мұра» «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламаларының бағытына сәйкес келеді. Еліміздің саяси-әлеуметтік даму үдерісінде, жаһандану тұсында түркі этностарының арасындағы өзара қарым-қатынастың, сабақтастықтың жаңа алаңдарын қалыптастыруды әдеби, тілдік, мәдени қарым-қатынастар негізінде реттеу маңызды. Себебі Қазақстан Түркі дүниесінің - қара шаңырағы. Ғылыми жұмыс Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында ұсынған «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жоба негізінде орындалған. Еліміздің егемендік алуы мен қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуына сәйкес танымдық негізге сүйенген тілдің қоғамдық қызметінің қолданыс аясын кеңейтуге, қазақ сөзінің терең мазмұнында астарланған сөз әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін тілді зерттеудің жаңа бағыттары да қалыптасып, дамуда. Осы заманғы интеграциялық даму үдерісі тілдік санаға да өзгерістер әкеліп, тілдің кешенді қоғамдық қызметін жандандыра түсті.</p> <p align="right">2021 жылғы 14 қарашада Ыстанбұлда түркі елдерінің</p>

мемлекет басшыларының қатысуымен өткен саммитте «Бүгіннен бастап біздің бірлестік Түркі мемлекеттерінің ұйымы деп аталады. Бұл қадам елдеріміз арасындағы ықпалдастықты ілгерілету ісін жаңа деңгейге көтеріп, ұйымның мәртебелі миссиясын жүзеге асыруға тың серпін береді деп сенеміз. Осылайша, Ыстанбұлда қабылданатын шешімдер бауырлас мемлекеттердің көпқырлы ынтымақтастығын жандандыруға елеулі ықпал етуі тиіс», - деген Елбасы Н.Ә. Назарбаев бұл кезеңді түркі әлемінің дамуындағы жаңа кезең деп атады. Басқаша айтқанда, ХХІ ғасырда түркі әлемі қайта жанданып, кең ауқымды әрі ежелгі түркі шаңырағына жататын елдердің өзара жақындасу үдерісі белсенді жүру үстінде. Сонымен қатар ҚР-ның Президенті Қ.К. Тоқаев Ұйымның жаһандық деңгейде лайықты орын алатынына сенім білдіріп, «Менің пікірім бойынша ұйымымыз, ең алдымен, экономикалық, гуманитарлық және экологиялық ынтымақтастыққа баса мән бергені жөн», – деген еді. Осы қазақ және түрік руханиятының гуманитарлық ынтымақтастығын тілдік деңгейде зерделеуді мақсат еткен ғылыми жұмыстың маңыздылығы жоғары. Тәуелсіздіктің 30 жылында қол жеткізген жетістіктерді дамытудың маңызды бір жолы түркілік бірегейлік екендігін, Қазақ елі түркі дүниесінен тыс томаға тұйық дами алмайтындығын да көрсете келіп, тіл тілдің бойындағы, атап айтсақ қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстарды лингво-когнитивтік талдау мен салыстыруда олардың ономазиологиялық негізін уәжтанумен байланыста зерттеу жұмыстың өзектілігін белгілейді.

Қоғамдық-әлеуметтік қызметке, ғылыми-танымдық ақпаратқа сай қолданыста қалыптасатын жаңа ұғым атауы адам санасында тілдік мәліметтер арқылы когнитивтік үдерістерге

			<p>жол ашып, танымдық жүйеге еніп, білімді басқа біреуге жеткізу үшін оны жаңа сөз түрінде таңбалайтындығы рас. Осыған байланысты адамның ойлау әрекетін жаңа атау жасау үдерісіндегі когнитивтік басым үлгі деп анықтауға болатыны сөзсіз. Сондықтан қазіргі заманғы жаңа атауларды қалыптастырып, түсіндірудің когнитивтік үлгілерін анықтау – қазіргі тіл білімінің заманауи деңгейіне сәйкес аса өзекті мәселе. Зерттеу жұмысының тақырыбы мен мазмұны Ұлы даланы мекен еткен байырғы түркілердің белгілі саяси себептермен бір-бірінен алшақ кеткен мұрагерлері қазақ ұлты мен түрік ұлтының бүгінгі ұрпақтарын жақындастыруға, тіл-тілдегі жаңа қолданыстарды саралап тануға, лигво-когнитивтік даму үдерісіндегі ортақтықтар мен ерекшеліктерді аңғаруға мүмкіндік береді. Еліміздің гуманитарлық даму бағытын белгілеген мемлекеттік бағдарламалармен тығыз сабақтастықта орындалған еңбек. Қабылданған мемлекеттік жобалардың ғылыми-практикалық негіздерін қалыптастыруға арналған іс-шараларды жүзеге асырудың барлық талаптарына толықтай жауап береді.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-</p>	<p>Диссертация «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы» бағытына сәйкес келеді.</p>

		техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосатыны айқын. Қазақ және түрік тіліндегі жаңа қолданыстардың лингво-когнитивтік жүйесі бұрын соңды зерттеу нысанына алынбаған тың тақырып. Диссертацияның құрылымдық желісі жүйелі және ұсынылған тұжырымдар ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелді. Ғылыми жұмыс жоғары дәрежеде орындалған, практикалық тұрғыдан да өзекті мәселеге арналған. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген түйіндер мен қорытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастарының тиянақтылығымен маңызды болып табылады.</p> <p>Диссертация нәтижелері жоғары оқу орындарының филология факультетінде оқытылатын Түркітану, Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясы пәндері бойынша, сондай-ақ осы бағыттағы зерттеулерде, семинарлар мен практикалық курстарда қосымша материал ретінде пайдалануға болады. Сонымен бірге зерттеу жұмысының практикалық қызметі зор. Жұмыс бойында келтіріліген деректер мен тұжырымдарды, көтерілген идеяларды халықаралық қатынастарда, бұқаралық ақпарат құралдарында, түркі тілдес республикалармен әдеби, тілдік, ресми қарым-қатынастарда, мамандар дайындауда кеңінен пайдалануға болады. Жұмыстың ғылыми қорытындыларын тың деп есептейміз.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары. Ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ізденуші зерттеу объектісіне сәйкес материалдарды жинап, жүйелеп, ғылыми талдау жасаған. Қазақ және түрік тіліндегі жаңа қолданыстардың лингво-когнитивтік жүйесін заманауи

4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>талаптарға сай зерделеген.</p> <p>Диссертация өзектілігі дәлелді тұрғыда негізделген. Диссертациялық жұмыс қазақ және түрік баспасөзінде белгілі бір уақыт аралығында (1995-2015 жж.) жарияланған жаңа қолданыстардың тілде орнығу // орнықпау, кей жағдайларда терминге ұласу үдерістерін өзара салыстырып, лингво-когнитивтік тұрғыдан зерттеуге арналған. Жаңа қолданыстар болмысын лексикалық бірлік ретінде танымдық негізде арнайы қарастыруды мақсат еткен. Тақырыпқа сай тілдік бірліктердің коммуникативтік-прагматикалық сипатын семасиологиялық, ономасиологиялық, когнитивтік қырларымен сабақтастықта зерттеу жұмыстың өзектілігін көрсетеді.</p> <p>Жұмыста жасалған тұжырымдар мен нәтижелер бір-бірімен өзектес әрі сабақтас, ішкі бірлігі сақталған. Диссертацияның құрылымы мен мағыналық үйлесімі, мазмұндық желісі нақты ғылыми дәлелдемелермен берілген. Жұмыс осы деңгейдегі ғылыми диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық ашады. Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> </ol>	<p>Бұл жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Атап айтқанда, зерттеудің мақсаты– қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың лингво-когнитивтік даму жүйесін жан-жақты зерттеу. Осы мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер:</p>

		<p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>-қазақ және түрік тілдеріндегі жаңару үдерісін тарихи-әлеуметтік және қазіргі тілдік жағдаятпен сабақтастыра сипаттау (<i>тіл-қоғам, тіл-мәдениет, тіл-ғылым // техника, тіл-бизнес, тіл-экономика, тіл-жаһандану, тіл-дін (имандылық)</i> т.б. контексінде);</p> <p>-қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрген «жаңа қолданыс» және «неологизм» ұғымдарының анықтамаларын салыстырып, ерекшеліктерін көрсету;</p> <p>-Ресей және Еуропа ғалымдарының неологиялық және неографиялық еңбектеріне ғылыми-сипаттамалық талдау беру;</p> <p>-түрік тіліндегі жаңа қолданыстардың қалыптасуына ықпал еткен экстралингвистикалық факторларды түрік тілінің дамуының тарихи кезеңдері мен саяси реформалық сипатымен сабақтастырып, сипаттау;</p> <p>-жаңа атау үдерісіндегі ономазиологиялық жүйенің лингво-когнитивтік уәжділігін айқындау;</p> <p>-жаңа қолданыстардың антропоэзектік сипаты мен ұлттық кодын қазақ, түрік баспасөзіндегі метафоралық және фразеологиялық тілдік бейнесі негізінде ашу;</p> <p>-қазақ және түрік медиабейнесіндегі жаңа қолданыстардың прагматикалық және кумулятивтік қызметін зерттеу.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Докторлық диссертация тығыз сабақтастықта жазылған жүйелі ғылыми жұмыс. Ғылыми жұмыстың құрылымы біртұтас жүйеде, барлық бөлімдері арасындағы ішкі бірлік айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен</p>	<p>Диссертант өзі қарастырып отырған тілдік материалдардың әрқайсысына сыни көзқарас тұрғысынан талдау жасайды. Зерттеудің тақырыбы бойынша ұсынылған диссертанттың</p>

		салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	қорытындылары мен шешімдері нақты дәлелдермен тиянақталған, бұған дейінгі пікір-шешімдермен салыстырылып отырады. Қазақ және түрік медиабейнесіндегі танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі жаңа қолданыстарда ұлттық кодтың сақталу белгілері, кумулятивтік, прагматикалық сипаты ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан алғаш рет талданған. Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңару үдерісі тарихи-элеуметтік және қазіргі тілдік жағдаятпен сабақтастыра сипаттала келіп, қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрген «жаңа қолданыс», «неологизм» ұғымдарының анықтамалары салыстырылып, ерекшеліктері көрсетілді. Түрік тіліндегі жаңа қолданыстардың қалыптасуына ықпал еткен экстралингвистикалық факторлар түрік тілі дамуының тарихи кезеңдері мен саяси реформалық сипатымен сабақтастырылып, сипатталды. Жаңа атау үдерісіндегі ономасиологиялық жүйенің лингво-когнитивтік уәжділігі айқындалған.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттарын жаңа ғылыми ізденістің нәтижесінде туған тың тұжырымдар деп тануға боалды. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаты пен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жаңа нәтижелерге қол жеткізген: Алғаш рет белгілі бір кезеңдегі (1995-2015 жж.) қазақ және түрік баспасөзінен жинақталған жаңа қолданыстардың лингво-когнитивтік негіздері салыстырылып, зерттелген. Бұл диссертант еңбегінің толығымен жаңа зерттеу екенін дәлелдейді.  Алғаш рет жаңа атаулардың санадағы жаңару үдерісімен байланысы қазақ және түрік тілдеріндегі газет мәтіндерін қазіргі тілдік-элеуметтік жағдаятқа сай <i>тіл-қоғам, тіл-мәдениет, тіл-ғылым//техника, тіл-бизнес, тіл-экономика,</i>

			<p><i>тіл-жаһандану, тіл-дін (имандылық)</i> сабақтастығында талдау арқылы ашылған. Бұл да зерттеудің ғылыми жаңалығы болады</p> <p>Жаңа қолданыстардың екі елдің лексикасына енуіне ықпал еткен экстралингвистикалық факторлар көрсетілген, Қазақ және түрік баспасөзінде шеттілдік баламаларды қолдану үрдісі жаһандану заманының антропоэзектік сипаты ретінде дәйектелген. Бұл толық ғылыми жаңалық болып табылады.</p> <p>Қазақ және түрік медиабейнесіндегі танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі жаңа қолданыстарда ұлттық кодтың сақталу белгілері, кумулятивтік, прагматикалық сипаты ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан алғаш рет талданған. Бұны да жұмыстың өзіндік жаңалығы деп тануға болады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу барысында айқындалған негізгі тұжырым: жаңа қолданыстардың түрік тілінде дамып, қалыптасуына байланысты мәселелердің көпшілігі қазақ тілінде де өзектелген осы мәселелермен үндеседі. Оның негізгі себебін ХХІ ғасырдағы жаһандану заманына тән инновациялық үдерістермен, әлемдік тіл жүйесіндегі қарқынды өзгерістермен түсіндіреді. Соның көрінісі қазіргі кезеңде саяси, мәдени және экономикалық салаларда қарқынды жаңарулардың тілдік өрнектері қазақ және түрік тілдерінің лексикалық және сөзжасамдық жүйесінен көрініс тауып, БАҚ беттерінде «неологиялық жарылыс» орын алуы еді. Осыған байланысты қазіргі таңда тілде пайда болған жаңа қолданыстарды <i>тіл-таным-қоғам</i> контекстінде зерттеудің тіл біліміндегі өзектілігін басшылыққа ала отырып, қазіргі замандағы баспасөз тілінің кешенді болмысына сай жүргізілген зерттеу барысында тың қорытындылар жасалған. Қазақ және</p>



			түрік лексикасындағы жаңа қолданыстар тек қоғам танымындағы, санадағы жаңару ұғымының ғана атауы емес, жалпы лексиканы байытатын даму үдерісінің де тілдік таңбасы екендігі <i>тіл-мәдениет</i> сабақтастығында лингво-когнитивтік талдау арқылы айқындалған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертанттың зерттеу жұмысында ұсынылған барлық шешімдері жаңа әрі олар тақырып бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелерінде толық негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеушінің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) иә;	<u>1-қағидат.</u> Алғаш рет тарихи-әлеуметтік жағдаятқа сай <i>тіл-қоғам, тіл-мәдениет, тіл-ғылым // техника, тіл-бизнес, тіл-экономика, тіл-жаһандану, тіл-дін (имандылық)</i> т.б. сабақтастықтағы белсенді сөзжасамдық үдерістерді бейнелейтін жаңа қолданыстар қазақ және түрік танымы мен төл мәдениетіне тән қалыптасқан тіл құралдары екендігі дәлелденді. 7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2).

		<p>2) жоқ  7.3 Жаңа ма?  1) иә;  2) жоқ  7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) кең  7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) иә;  2) жоқ</p>	<p>7.3 Ия, жаңа(1).  7.4 Қолдану деңгейі кең (3)  7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген.</p> <p><u>2- қағидат.</u> Санадағы жаңару үдерісінің тілдік бейнесі ретіндегі жаңа қолданыстардың болмысы неология, неография салаларының ғылыми- әдістемелік базасына сай сипатталып, «неологизм», «жаңа қолданыс», «жаңа атау», «жаңа сөз», «жаңа ұғым» атаулары негізінде түсіндірілді. Олардың болмысын тану барысында жаңарған және мағынасы жаңғырған атауға қатысты «жаңа қолданыс», ал жаңа сөздер туралы ілімге қатысты «неологизм», «неолексема», «неофразама», «неосемема» терминдері арқылы мазмұны ашылды.</p> <p>7.1 дәлелденген (1)  7.2 тривиалды емес (2)  7.3 жаңа (1)  7.4 қолдану деңгейі кең (3)  7.5 дәлелденген (1)</p> <p><u>3-қағидат.</u> Қазақ және түрік лексикасындағы жаңа қолданыстар тек қоғам танымындағы, санадағы жаңару ұғымының ғана атауы емес, жалпы лексиканы байытатын даму үдерісінің де тілдік таңбасы екендігін оларды <i>тіл-мәдениет</i> сабақтастығында лингво-когнитивтік талдау арқылы ғана анықтауға болатыны айқындалды. Бұл мәселе тәуелсіздік кезеңінде құрастырылған он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігіне» және Түркияда жарық көрген түрлі терминологиялық сөздіктерге енген жаңа қолданыстардың, жаңғырған атаулардың концептуалдық талдануы арқылы дәйектелді.</p>
--	--	--	--

- 7.1 Қағидат дәлелденген (1).
- 7.2 Тривиалды емес (2).
- 7.3 Жаңа(1).
- 7.4 Қолдану деңгейі кең (3)
- 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).

4-қағидат. Тіл арқылы танылатын тіл иесінің ұлттық болмысы мен дүниетанымына тән күнделікті қолданыс тәжірибесі мен заманға сай қызметі т.б. тілден тыс факторларды, атаулардың ономазиологиялық сипаты мен этномәдени уәжділігін тіл арқылы тану тиімділігі нақты көрсетілді.

- 7.1 Қағидат дәлелденген (1).
- 7.2 Тривиалды емес (2).
- 7.3 Жаңа(1).
- 7.4 Қолдану деңгейі кең (3)
- 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).

5-қағидат. Жаңа қолданыстардың антропоэзектік сипаты мен ұлттық коды қазақ, түрік баспасөзіндегі метафоралық және фразеологиялық тілдік бейнесі негізінде ашылды;

- 7.1 Қағидат дәлелденген (1).
- 7.2 Тривиалды емес (2).
- 7.3 Жаңа(1).
- 7.5 Қолдану деңгейі кең (3)
- 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).

6-қағидат. Лексика – тіл тұтынушы қоғамның жалпы күйін ғана емес, қоғам мүшелерінің ой-санасын да зерттеуге негіз болатын тілдік қазына. Зерттеу жұмысында шындық дүниедегі

			<p>өзгеріс көрінісі ретінде тілдің лексикалық құрамының жаңа сөздермен толығып отыруы, қоғамның жаңа ұғымдар мен реалийлерге атау беруге ұмтылуы қоғамдық-әлеуметтік мүддеге сай заңды құбылыс екені <i>тіл-таным-қоғам</i> сабақтастығында қарастырылды. Неологизмдермен салыстырғанда жаңа қолданыстардың танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі қызметі қоғамдық-әлеуметтік санадағы үдерістің тілдік көріністерінің негізгі қолданыс аясы баспасөзде айқын көрінетіні ғалам медиабейнесіндегі жаңа қолданыстардың прагматикалық және кумулятивтік мәнін нақты мәнмәтіндік талдау арқылы дәлелденді.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1).  7.2 Тривиалды емес (2).  7.3 Жаңа(1).  7.4 Қолдану деңгейі кең (3)  7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).</p> <p><u>7-қағидат.</u> Зерттеу нәтижесінде қазақ және түрік баспасөзіндегі жаңа қолданыстар мазмұнында тілдің өз мүмкіншіліктерін сарқа пайдалану қағидасына сай астарланған лингвомәдени кодты ашу когнитивтік тәсіл деп тұжырымдалды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1).  7.2 Тривиалды емес (2).  7.3 Жаңа(1).  7.4 Қолдану деңгейі кең (3)  7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә;	Иә. Әдістеменің таңдауы: негізделген. Диссертациялық жұмыстың мақсат- міндеттеріне сәйкес синхрондық тұрғыдан салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы, контрастивтік, когнитивтік интерпретация әдістері қолданылып, жинақталған

ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	2) жоқ	тілдік бірліктерді жүйелеу, топтау, концептуалдық, мәнмәтіндік талдау тәсілдері пайдаланылды.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ	Иә. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Ғылыми зерттеу жұмысының ізденіс үрдісінде нақты пайымдалған қорытындыларының сенімділігі мен негізділігі ізденушінің теориялық және методологиялық тұжырымдарды дұрыс қолдана білуімен, қолданылған ғылыми әдістердің дәйектілігімен, салыстырмалы талдаудың құндылығымен және оны жүйелі қорытындылай білуімен негізделген.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ	Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу еңбекте көрсетілген маңызды қорытындылары мен дәйектері өзектілігімен ерекшеленеді және нақты ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы дәлелденген.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу мәселесін айқындап, оны шешу жолдарын талдауға жеткілікті түрде камтылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ	Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері түркітану, халықаралық қатынастар саласындағы байланыстарды талдауға қатысты зерттеулерге үлес қосатындығы анық. Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың лингво-когнитивтік даму жүйесін зерттеу барысында жасалған тұжырымдар мен нәтижелер санадағы жаңару мен тілдегі жаңа сөзжасам үдерісін жете тануға септігін тигізіп, лексикология, семасиология, терминжасам, лингвокогнитология, ономасиология салаларына да өзіндік деңгейде үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу барысында қарастырылған тілдік деректер мен соған қатысты жасалған тұжырым, түйіндер қазақ тіл білімінің лексикография, неология, неография т.б. салаларын жетілдіріп, қалыптастыруға өзіндік үлес қоса алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі, осыған дейін қазақ және түрік тіліндегі жаңа қолданыстар лингво-когнитивтік тұрғыдан салыстырыла зерттелмеген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен;	Диссертациялық жұмысты жазу және ресімдеу сапасы жоғары әрі қалыптасқан ғылыми стильде жазылған.

4) төмен.

Докторант Бисенғали Ақмарал Зиһол-Ғабденқызы «6D021200-Түркітану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент:

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,  
филология ғылымдарының докторы, профессор



Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы

*М. Б. Сабырұлы*

ҚОЛЫН КҮӘЛАНДЫРАМЫН

ӘКІМШІЛІК БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ *С. Сауф*

« 22 » 12 20 21 ж.

БАТЫС-ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ